

Білім мен ғылымда есімі биік абыз тұлға

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Рашит Қазыханұлының өмір мен білімі және ғылымдағы жемісті жетістіктері ғылыми ортасына, өскелең жас ұрпаққа үлкен үлгіөнеге. Ғалым ғылымның шыңына шығып, көптеген биік белестерді бағындырған. Бүгінгі таңда ғалым 90 жасқа толып отыр. Өз ортасында абыройлы абыз тұлға атанып, өмірі ғибратқа толы абзал жан әлі де өз тұғырында. Өзі қызмет жасаған жоғары оқу орнында еңбек етіп, шәкірт тәрбиелеуі зор мақтаныш.

Ұлы ғалым Чарльз Дарвин генотиптің дамуына қоршаған ортаның маңыздылығын айтып, даму сапасын дәл осы ортаға қалыптастырады. Адамзат тарихында белгілі тұлғалар, әдетте, көркем бай табиғатымен ерекшеленетін жерлерде өмірге келгенді деп жазады. Ұлы физик Резерфорд табиғаты сұлу Жаңа Зеландияда өмірге келсе, ұлы ойшыл Абай атамыз әдемі Жидебай шатқалының шексіз даласында дүние есігін ашқан. Ал Павлодар өлкесінің әсем табиғатында қазақ халқының біртуар тұлғалары, атақты ғалымдар Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Шапық Шокин өмірге келген қасиетті жер. Біздің ардақты ағамыз, білікті ұстаз, белгілі ғалым Рашит Қазыханұлы да осы өңірдің тумасы.

Өмірі өнегелі, жаны жайсаң, ерекше мейірімді, абзал жанның ғылымда бағындырған белестері көп. Рашит ағамыз 1935 жылы қараша айының 7 жұлдызында Павлодар облысы Май ауданы Көктөбе ауылындағы «Шыған» балық аулау ұжымындағы ауыл мектебінің мұғалім отбасында дүниеге келген. 1958 жылы жиырма үш жасында Алматы малдәрігерлік институтын үздік бітіріп, еңбек жолын Павлодар мемлекеттік ғылыми-зерттеу тәжірибе станциясында қой малын асылдандыру жөніндегі бөлімінде кіші ғылыми қызметкерінен бастаған.

Ал 1963 жылдан бастап Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебімен Р.Қазыханұлының өмірі мен қызметі тығыз байланысты. КСРО кезінде және тәуелсіз Қазақстанымыздың ғылымдағы және жоғары білім мектебінің ең жоғарғы атақтарына ие болуы соның дәлелі. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор. Мұндай табысты жетістіктерге ғылым мен білімнің қара шаңырағы саналатын С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде қол жеткізіп, бірқатар лауазымды қызметтерді абыроймен де атқарды, кафедра меңгерушісі, факультет деканы сатыларынан өтіп, жемісті еңбегімен жарқырап көрінді.

Аса көрнекті физик ғалым, академик П.Л. Капица ғалымның таланты ашылуы үшін, оның арнайы қоршаған ортасы болғаны абзал деп айтып қеткен. Білімі терең, ғылымдағы тәжірибиесі мол ғалымдар көп болса, ұжымда шығармашылық шабыт пайда болады. Профессор Рашит Қазыханұлының ғылыми-зерттеу жұмыстарына еліміздің екі бел-гілі ғылыми ұжымдарымен тығыз байланысты. Біріншісі – С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, екіншісі Қ.Медеубеков атындағы Қазақтың ғылыми-зерттеу қой шаруашылығы институты.

Белгілі ғалым-селекционер В.Т. Шуваевтың ғылыми жетекшілігімен жергілікті қой саулықтарын керемет мықты ағылшын қой тұқымдары линкольн, ромнимарш, бордер-лейстер қошқарларының қолдан ұрықтандырып, сол кездегі аса қажетті жаңа кроссбред қойларының тұқымдарын көбейтті. Жаңа кроссбред тұқымының жүн сапасын зерттеу қажеттілігі Рашит ағамызды Қазақ қой шаруашылығы институтының жүн зертханасына әкелді. Профессор В.В. Терентьевпен бірге жүннің қасиеттерін негіздеді. Академик К.У. Медеубеков басқарған институтында талантты ғалым-селекционерлер К.Қасымов пен Т.Қасымовтармен бірігіп, Рашит ағамыз жаңа қазақтың жартылай биязы кроссбред тұқымын шығаруға атсалысып, үлкен селекциялық нәтижеге қол жеткізді. Мен сол жылдарда ғылыми хатшы, директордың ғылыми жұмыстары жөніндегі орынбасары болатынмын. Ал ағамыз ғылыми- зерттеу институтқа жиі келіп, ғылыми кеңесте өзінің ғылыми жұмыстарын ортаға салатын, еңбектері жоғары тұрғыда бағаланып, бекітілетін. Рашит ағамыздың жетістігіне көңілім толып, бір-бірімізге құрметіміз ерекше еді. Екеуміздің қарым-қат...